ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ АТЫНАН
Ш Е Ш І М

2023 жылғы 2 маусым №7119-23-00-2/4052 Астана қаласы

Астана қаласының мамандандырылған ауданаралық экономикалық соты құрамында төрағалық етуші судья А.С.Искалиева, хатшылықта А.Т.Шахмұрадов отырып, ашық сот отырысында қойылған талап қою бойынша азаматтық істі қарады:

Негізгі талап қою бойынша
ТАЛАП ҚОЮШЫ:
Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігі Санитариялық-эпидемиологиялық бақылау комитетінің «Ұлттық сараптама орталығы» шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорны

ЖАУАПКЕР:
«Talaptan Group» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі

ТАЛАП ҚОЮШЫНЫҢ ТАЛАБЫ:
мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп тану

Қарсы талап қою бойынша
ТАЛАП ҚОЮШЫ:
«Talaptan Group» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі

ЖАУАПКЕР:
Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігі Санитариялық-эпидемиологиялық бақылау комитетінің «Ұлттық сараптама орталығы» шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорны

ТАЛАП ҚОЮШЫНЫҢ ТАЛАБЫ:
тауарды қабылдауға міндеттеу

СОТҚА ҚАТЫСҚАНДАР:
талап қоюшының өкілдері А.Х.Кантуренова, М.Е.Мусагалиев, жауапкердің өкілі Ә.Б.Саурбек

<u>СИПАТТАУ БӨЛІГІ:</u>

Документ подписан: Искалиева А. С., 09.06.2023
Дата вступления в законную силу: 11.07.2023, судья Искалиева А. С., 20.07.2023
7119-23-3-1/3581

Тараптар арасында 2023 жылғы 17 ақпанда №129 тауарларды мемлекеттік сатып алу туралы жалпы сомасы 1 461 305 теңге шарт (бұдан әрі – Шарт) жасалған.

Шартқа сәйкес, өнім беруші «Talaptan Group» ЖШС тапсырыс беруші өтінім берген күннен 21 күнтізбелік күн ішінде 655 литр сұйық азот жеткізіп беруге міндеттенген.

Тапсырыс беруші 21 ақпан 2023 жылы тауарды (20л) 14 наурызға дейін жеткізу туралы өтінім берген.

Жауапкер тауарды 2023 жылдың 1 наурызы және 20 наурызы жеткізген, алайда жеткізілген тауардың нақты сол тауар екенін дәлелдейтін құжаттарды ұсынбаған.

Шарттың қолданыс мерзімі 2023 жылдың 31-желтоқсанына дейін.

Шарт біржақты 2023 жылдың 4-сәуірінде бұзылған.

Жауапкердің шартта белгіленген міндеттемесін тиісінше орындамауымен негіздеп, талап қоюшы жауапкерді мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп тануды сұрайды.

Ал «Talaptan Group» ЖШС бұл уәжбен келіспей, 1 наурыз 2023 жылы тапсырыс беруші шартқа сәйкес талап етілмейтін құжаттарды сұратқанын, 20 наурыз 2023 жылы сұйық азотты қайта толтырып, барлық құжаттарымен бірге қайта жеткізгенін көрсетіп, талап қоюшыны тауарды қабылдауға міндеттеу туралы қарсы талаппен жүгінді.

Сот отырысында тараптар өз талап қоюларын талап арызы мен қарсы талап арызында көрсетілген негіздер бойынша қолдап, оларды қанағаттандыруды сұрады.

<u>УӘЖДЕУ БӨЛІГІ:</u>

Негізгі талап қою бойынша.

Қазақстан Республикасының «Мемлекеттік сатып алу туралы» Заңының (бұдан әрі - Заң) 12-бабы 4-тармағының 3) тармақшасына сәйкес, мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушылар тізілімі өздерімен жасалған мемлекеттік сатып алу туралы шарттар бойынша өз міндеттемелерін орындамаған не тиісті түрде орындамаған өнім берушілердің тізбесін білдіреді.

Осы баптың 4-тармағы бірінші бөлігінің 1) және 3) тармақшаларында көзделген мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушылар тізілімі заңды күшіне енген сот шешімдерінің негізінде қалыптастырылады (Заңның 12 бабы 5-тармағы).

Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының «Соттардың мемлекеттік сатып алу туралы заңнаманы қолдануы туралы» 2022 жылғы 21 сәуірдегі №4 Нормативтік қаулысының (бұдан әрі – НҚ) 8-тармағында түсіндірілгендей, мемлекеттік сатып алу туралы өнім берушілермен жасалған шарттар бойынша өз міндеттемелерін орындамаған не тиісті

Документ подписан: Искалиева А. С., 09.06.2023
Дата вступления в законную силу: 11.07.2023, судья Искалиева А. С., 20.07.2023
7119-23-3-1/3581

түрде орындамаған өнім берушілерді мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушылар деп тану туралы талап қоюларды қарау кезінде соттар АК-нің 359-бабына сәйкес азаматтық-құқықтық жауапкершіліктің негізі ретінде өнім берушінің кінәсін және АПК-нің 6-бабының бесінші бөлігіне сәйкес әділдік пен ақылға сыйымдылық өлшемшарттарын негізге ала отырып, Тапсырыс беруші үшін туындаған жағымсыз салдарларды назарға алуы қажет. Шарт тарабына шартты жасасу кезінде үміт артуына құқылы болғанынан едәуір дәрежеде айырылуына келтірген залалды жағымсыз салдарлар деп түсінген жөн (АК-нің 401-бабының 2-тармағы).

Заңның 43-бабының 23-тармағына сәйкес тапсырыс беруші мен өнім беруші мемлекеттік сатып алу туралы шарт бойынша қабылданған міндеттемелерді толық орындаған жағдайда көрсетілген шарт орындалды деп есептеледі.

Заңның 38-бабының 4-тармағының талаптарына сәйкес, әлеуетті өнім берушінің баға ұсынысын беруі оның мемлекеттік сатып алу туралы шарт жобасында көзделген талаптарды сақтай отырып, тауарды беруді, жұмыстарды орындауды, қызметтер көрсетуді жүзеге асыруға келісім білдіру нысаны болып табылады.

Жоғарыда көрсетілген Заң талаптарына сәйкес жауапкер конкурсқа қатысуға арыз бен баға ұсынысын беру арқылы белгіленген мерзімде тиісті сападағы тауарды жеткізуге келісім білдірген.

Анықталғандай, жауапкер жасалған шарт бойынша өз міндеттемелерін тиісті түрде орындамаған, яғни тауарды келісілген мерзімде жеткізбеген. Осылайша шарттың талаптары жауапкердің тарапынан бұзылған.

1 наурыз 2023 жылы тауарды құжаттарсыз әкелгенін жауапкер өкілі мойындайды және оны талап қоюшыға бұдан бұрын да азотты жеткізгенін, сол кезде ешқандай құжаттар талап етілмегенін, сондықтан осы жолы да тауарды құжаттарсыз әкелгенімен түсіндірді. Ал техникалық ерекшілікте көрсетілген сипаттамалар 2-сұрыптағы сұйық азоттың сипаттамасына сәйкес келмейді, олар 1-сұрыптағы сұйық азоттың ерекшеліктері, сондықтан 1-сұрыптағы азотты жеткізгенін айтты.

Тапсырыс берушіде 1 наурыз 2023 жылы жеткізілген тауар бойынша не ыдысында еш ақпарат болмауына, не нақты құжаттардың болмауына байланысты, бұл тауардың сатып алынуға жататын тауар екеніне күмән туған.

Сот, талап қою заңда көрсетілген мерзімде берілгенін, өнім берушінің тауарды мерзімінде жеткізбеуіне байланысты тапсырыс беруші үшін жағымсыз салдар пайда болғанын, ескеріп, жауапкерді мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп тануға негіз бар деп есептеп, талап арызды қанағаттандырады.

Қарсы талап қою бойынша.

Документ подписан: Искалиева А. С., 09.06.2023
Дата вступления в законную силу: 11.07.2023, судья Искалиева А. С., 20.07.2023
7119-23-3-1/3581

Шартқа сәйкес, сатып алынатын тауардың техникалық ерекшелігі: Азот, сұйық, тазалығы жоғары, 2 сұрып, 9293-74 МЕМСТ-ке сәйкес.

Шарттың 5-тарауына сәйкес, өнім беруші тапсырыс берушінің өкіліне мына құжаттарды ұсынады:

1) ақпарат тауардың өзінде және/немесе орамасында көрсетілген не тауар сапасы дайындаушы кәсіпорынның мөртаңбасымен немесе белгілерді таратып жаза отырып, басқа белгімен тауардың өзінде және/немесе оның орамасында расталған жағдайларды қоспағанда, тауардың жиынтығы, оның техникалық сипаттамасы, пайдалану қағидалары, кепілдігі туралы мәліметтерді және тауардың сапасын және оның Қазақстан Республикасында танылған нормативтік-техникалық құжаттарға сәйкестігін айқындау үшін қажетті басқа да мәліметтерді қамтитын дайындаушы зауыт (жөнелтуші) берген зауыттың сапа сертификатының және/немесе техникалық паспортының түпнұсқалары немесе нотариалды куәландырылған көшірмелері;

2) тауардың сәйкестігін бағалау туралы құжаттың (сәйкестік сертификаты/сәйкестігі туралы декларация/мемлекеттік тіркеу туралы куәлік) көшірмесі.

Сотта анықталғандай, жауапкер 20 наурыз 2023 жылы 1 сұрыптағы сұйық азот жеткізген және тапсырыс берушіге мына құжаттарды ұсынған: тауардың шығу тегі туралы сертификат (СТ-KZ нысаны), «Ихсан техногаз» ЖШС берген сапа паспорты.

20 наурыз 2023 жылы тапсырыс беруші рекламациялық акт жасақтайды. Бұл актіде шарттың 5-тарауында талап етілген құжаттар ұсынылмады деп көрсетілген.

Сот, «Talaptan Group» ЖШС жеткізген тауардың шартта көрсетілген техникалық сипаттамаға сәйкес келмейтінін, өнім берушімен шарттың 1 және 5-тармақтарының талаптары сақталмағанын, сонымен бірге шарттың 2023 жылы 4-сәуірде бұзылғанын ескеріп, «Ұлттық сараптама орталығы» РМК-н тауарды қабылдауға міндеттеуге негіз жоқ деп есептейді.

Сондықтан қарсы талап арыз қанағаттандырылуға жатпайды.

Сот шығыстары Қазақстан Республикасының Азаматтық процестік кодексінің 117-бабына сәйкес шешіледі.

<u>ҚАРАР БӨЛІГІ:</u>

АПК-нің 223-226 баптарын басшылыққа алып, **сот**

ШЕШІМ ЕТТІ:

Талап қоюшы Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігі Санитариялық-бақылау комитетінің «Ұлттық сараптама орталығы» шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық

Документ подписан: Искалиева А. С., 09.06.2023
Дата вступления в законную силу: 11.07.2023, судья Искалиева А. С., 20.07.2023
7119-23-3-1/3581

мемлекеттік кәсіпорынның жауапкер «Talaptan Group» жауапкершілігі шектеулі серіктестігіне мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп тану туралы талап қою арызы қанағаттандырылсын.

«Talaptan Group» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп танылсын.

«Talaptan Group» жауапкершілігі шектеулі серіктестігінен мемлекет пайдасына 1725 (бір мың жеті жүз жиырма бес) теңге мемлекеттік баж өндірілсін.

Талап қоюшы «Talaptan Group» жауапкершілігі шектеулі серіктестігінің жауапкер Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігі Санитариялық-бақылау комитетінің «Ұлттық сараптама орталығы» шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорынын тауарды қабылдауға міндеттеу туралы қарсы талап арызын қанағаттандырудан бас тартылсын.

Шешімге Астана қалалық сотының азаматтық істер жөніндегі сот алқасына апелляциялық шағым, прокурордың өтінішхаты Астана қаласының мамандандырылған ауданаралық экономикалық соты арқылы шешім түпкілікті нысанда шығарылған күннен бастап бір ай ішінде берілуі мүмкін.

Судья **А.С. Искалиева**

Документ подписан: Искалиева А. С., 09.06.2023

Дата вступления в законную силу: 11.07.2023, судья Искалиева А. С., 20.07.2023